

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 128-131.

ӘОЖ. 8214 (045)

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ» РОМАНЫНДАҒЫ АЙТЫЛМАҒАН АҚИҚАТТАР

Қалиев Нұржас, 1 курс студенті

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Сәкен Сейфуллин проза саласында да көптеген еңбектер жазған, қаламы қарымды қаламгер. Оның прозалық еңбектері күні бүгінге дейін ерекше бағаланып, оқырман сұрауына иегер екендігі де жасырын емес. Өткен ғасырдың басында, кеше мен бүгіннің ұлы айқасы тұсында есейіп, шыңдалған, сол майданда саналы күрескер болып қалыптасқан Сәкен Сейфуллин аса бір ғажайып тұлға екендігі де ақиқат. Демек, қаламгердің поэзиялық шығармаларын оқығанда ерекше ғажайып сезімге бөленсек, прозалық еңбектерінен де сондай сезімге бөленіп, ерекше күй кешеріміз де шындық. Қаламгердің қарымды қаламынан туындаған көлемді хикаяттары өзі ғұмыр кешкен әлемдегі таңғажайып оқиғаларды көз алдымызға әкеледі. Оның ішінде қайғы да, қуаныш та, аңсау, сағыну, күту де – адам баласының бойынан табылатын сезім атаулының барлығы қамтылған. Әсіресе, қаламгердің «Бақыт жолында», «Әзімнің әңгімесі», «Бандыны қуған Хамит» атты көлемді хикаяттары шытырман оқиғалы, реалистік негізде жазылған еңбектер ретінде танылып, қабылданған шығармалар. Қаламгердің аталмыш еңбектерін оқи отырып, кеңестік замандағы қарапайым қазақ ауылынан шыққан жігерлі азаматтардың өмірге деген құлшынысын, махаббатын сезінеміз. Бұл оқиға желісін шынайы түрде зерделеп, қағаз бетіне ерінбей түсіруі – оның еңбекқорлығы, отан сүйгіштігі мен қоспасыз шындықты айтуының негізі болып саналады.

Шындық туралы ғалым Т. Кәкішев: «Ден сау, бас аман» заманда әскери қызыметкерлердің, тіпті, шаң басқан мұрағаттардың шыны қағылып жатқанына қуанудың орнына, «мынау екі бетті сізге бере алмаймыз», деген сөзіне және де керек жерлерін қағазға түсіріп алуға ұлықсат бермегеніне қарап, өткен күнінің қиянаты еріксіз түсіңе түседі. Дәлелдей алмаған шындық – шындық емес. Дәлелдегендер көріп кетеді, дәлелдемегендер өліп кетеді. Осының бір дәлелі – Сәкен, ол өліп кеткен адам. Ол шындықты одан артық көкसेп, одан артық іздеген кісі жоқ. Ақыры өзі таптым деген шындықтың оғынан қаза болды», - деп қынжылады [1].

Сәкен Сейфуллин оңы мен солын жедел танып, алдына ірі саяси мақсат қойған, мінез-құлқы жағынан алып қарағанда, қайсар, жаратылысы басқа, айрықша адам. Ақын тұлғасы көзге шығармалары арқылы елестейді. Байырғы қазақ жерінің презенті арпалыс заманда өз жолын тауып, халқы үшін қалтықсыз іс атқарған. Сәкен Сейфуллин айта қаларлықтай қайраткер ретінде тарихқа енді. Сәкен Сейфуллин – ірі мемлекет қайраткері. Қазақстан елдік алды деген шақта Халық Комиссиарлары кеңесінің төрағасы болғанынан емес, өзінің халқын өркениетке қалай жеткіземін, басқалармен терезесін қалай тең етемін деп ойлағандықтан дараланбақ. Сол бір шақтың шындығын жырлағаны үшін Сәкенді кінәлау обал.

Әділетсіздікке, озбырлыққа жаны қас ақын төңкерісті адам қоғамының мән-мазмұнын түгелдей өзгертетін жаңа идея, жаңа мақсат деп білді. Қаламгердің шығармашылық жолын зерделеген ғалым Тұрсынбек Кәкішев: «Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин (1894-1938) Ақмола уезі Нілді болысы, бірінші ауылда (қазіргі Жезқазған облысы, Ақадыр ауданында) орта шаруаның отбасында дүниеге келген. Алдымен ауыл молдасынан сауат ашқан ол Нілді мыс зауытындағы орыс-қазақ мектебінен білім алды. 1908-1913 жылдары Ақмоладағы орыс приходская школасында, кейіннен екі класты училищеде оқиды, 1916 жылы Омбының мұғалімдер семинариясын бітіріп, оқытушы болады. С. Сейфуллиннің «Өткен күндер» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1914 жылы Қазанда жарық көреді. Бұл жырлардағы өлең-жырларында ақын қарапайым еңбекшілер, мал баққан ауыл адамдарын аяусыз қанауға ұшыратқан қазақ байлары мен патша әкімдерін сынға алады. Патша өкіметіне қарсы 1916 жылғы халық көтерілісі тұсында С. Сейфуллин қалың бұқара жағында болды. 1917 жылға қарай С. Сейфуллин қазақ топырағында алғашқылардың бірі болып, қоғам қайраткері ретінде қалыптаса бастағанын айтып өттік. Ол ақ гвардияшылардың қолына түсіп, атаман Анненковтың азап вагонында, Колчак түрмесінде жеті ай болып, сан алуан қорлық, зұлымдық тозағын бастан кешіреді. Бұл да оның шығармашылығына әсер етпей қоймайды», - деп атап көрсеткен [1].

Қаламгердің қарымды қаламынан туындаған еңбектерге көз салсақ, онда оның шығармашылық жолынан басқа саясат мәселесіне белсене араласқанын аңғарамыз. Бұл жөнінде ғалым Мұхамеджан Қаратаев: «С. Сейфуллин жиырма бесінші жылдары жас Қазақ кеңес республикасының саяси-қоғамдық, мемлекеттік өміріне тікелей араласады. Ол БОАК (ВЦИК) пен ҚазОАК (КазЦИК-тің) мүшесі, республика халық ағарту комиссиарының орынбасары, Қазақстан халық комиссиарлары кеңесінің төрағасы болады. Отызыншы жылдары ол республиканың мәдени-ағарту, оқу-педагогикалық, көркем әдебиет істерімен айналысатын мекемелерінде қызмет атқарады. Аса зор қоғамдық еңбек пен жемісті шығармашылық ізденістерін ұштастыра білген С. Сейфуллин 1920 жылдардың өзінде қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасып, дамуына негізсалған іргелі ақын ретінде танылды. Бұл дәуірде оның «Асау тұлпар»

(1922), «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929) тәрізді т. б. өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарияланды. 1927 жылы «Тар жол тайғақ кешу» романын жазды.

1930 жылдары С. Сейфуллин «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1934), «Социалстан» (1935) атты жаңа кітаптарын шығарды. Қаламгердің әр уақытта жазылған әңгіме, повестері 1935 жылы «Айша» деген ортақ атпен жеке жинақ болып басылды. С. Сейфуллин драматургия саласында да табысты еңбек етті. Ол Қазан төңкерісі оқиғаларына байланысты «Бақыт жолына» (1917), «Қызыл сұңқарлар» (1922) пьесаларын жазды. «Бақыт жолында» қазақ тұрмысының ауыр халі, әйел теңсіздігі мәселелері қозғалып, жаңа заман қарасаңында жәбір-жапа көрген Мұслима тағдырының азаттық таңына ұласуы баяндалса, «Қызыл сұңқарларда» нақты революциялық күрес бейнесі, Еркебұлан және оның табы мен мақсаты бір достарының патша әскеріне қарсы айқасы, табанды ерлігі мен қажырлы әрекеттері суреттеледі. Кейіпкерлердің мінез-құлқы, көзқарасындағы ерекшеліктер ашылып, диалог арқылы олардың көңіл-күй, бет-бағдары анықталып отырады. Пьесаның бір міні драмалық қақтығыстардың ширақ өрістемеуіне саятын. Алайда ұлттық драматургияда төңкеріс тақырыбына бару талаптарына жол ашатын құнды дәстүрлер қалдырды», - деп айтып өтеді [2].

Қарымды қаламгер С. Сейфуллиннің өзгеден өзгеше, қалам сілтеу белгісі асқан жаңашыл - өнерде де, өмірде де – жаңаға құмар адам болып қалыптасуында. Екі түрлі идея. Екі дүние белдескен ғасырдың қиын асуында тәуекел сапарға аттанған қаламгер теңдікке апаратын халық жолын таңдап алды да, биік асуға қарай өр кеудесімен қасқая қарсы жүрді. Оның жаңашыл келбетінің қайрауы мен қайнары мол халық қуатын танысыз. Бұл қасиеттердің сырына қаламгердің «Таржол, тайғақ кешу романын оқи отырып қаныға түсеміз. Бұл романда қандай оқиғалар айтылып, нендей жағдайлар жасырын қалды деген сұрау туындауы заңды. Осы мәселелерге тоқталсақ.

1927 жылы жарыққа шыққан роман оқиғасында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Әлихан Бөкейханұлы, т.б. Алаш зиялылары туралы сын сөздер, жамандау мәселелері көтерілмеген, жазылмаған. Оның басты себебі, қаламгер өзінің мәдениеттілігі мен, әдептілігін көрсете білсе, екіншіден болған оқиға желісін сол қалпында бұрмалаусыз беруінде болса керек. Осы арада біз Сәкен Сейфуллиннің таппен туған, онымен біте қайнаған тұлғасына, сол кездегі әдебиет жайына көңіл аударып көрелік. Тап мүддесі, тап жайы деген белгілі ұғымдар сол тұстарда Ресей мен қазақ жерінің өне бойын түгел жайлаған да, бүкіл өмір тіршілік осы тұрғыдан қаралып, осы тұрғыдан шешілетін. Сәкен өз басы бұған құдайдай сенді. Ал барлық жұртты тең ету, материалдық байлық, өмір-тұрмыс жағынан барабар ету, құлдықтан құтқару, біреудің еңбегін біреуге жегізбеу деген мақсаттан не бар. Осы үміт, осы арман жан біткеннің тұла бойын тұтас билеп алды. Сәкен – осы өзгерістердің жаршысы, ұрангері. Өзі әуелден кәміл сенген, ісімен де, сөзімен де рсыған қызымет еткен күрескер. Жалпы Сәкен тұлғасы, оның жарқын

бейнесі әлі біздің бойымызға сіңіп, ұғып бітпеген дүние. Жарқ етіп жанған дарын аз уақыттың айналасын шарпып өткендей әсер қалдырды. Бұл айтылғандар ғалым Тұрсынбек Кәкішев еңбектері негізінде алынды. «Тар жол, тайғақ кешу» романы екінші рет басылымға шыққанда алаш қайраткерлерінің бейнесі, істеген істері де өзгеріп шыға келген. Екінші рет басылым көрген кітапқа басшылық жасап, терімнен шығарушы адам- Сәбит Мұқанов деп көрсетілген. Ең бір қызық тұсы- өзінің кітабы шыққанда қаламгер жырақта болған. Өзі қатыстырылмаған да. Бұл деректер туралы ғалым Рымғали Нұрғали жазады [3].

Қаламгердің азапты жылдарды басынан қалай өткергендігі суреттелген аса көлемді роман – бүгінде ең құнды кітаптар қатарынан саналады. Өткен тарихты бүгін біз қалай түсініп, қалай айтсақ та, Сәкен өз парызын толық, адал өтеп кеткен адам, бүгін біз әбден орынды, әрі заңды түрде мақтан тұтатын ақын. Ол заманның өмір шындығын рухани шындықтан бөліп алып қарауға болмайды. «Время вперед» деген ұрандарда, мәселен, не кемістік бар еді? Ол дұрыс болатын. Ынта, жігер, энтузиазм болмайынша, жаңа тұрмыс орнамақ емес-ті. Сәкен соның бастаушысы. Өзі жазғандай – дауылпазы, альбатросы. «Ту тігетін, мінекей, замандарың, басатын темірдей табандарың, Жолдастар!» - деуі де сонан деп білеміз. Романдағы шытырман оқиғалар шындық негізінде жазылды. Сонымен қатар, бұл кітапты сынаушылар да, кемітушілер де көп болғаны белгілі. Біздің қорытынды ретінде айтарымыз, Сәкен адам баласын жамандамаған, шындықты көге айтқан кісі ретінде біздің жүрегімізде сақталып қалады. Мәселен, шетелдік қаламгер Ромен Роллан кеңес әдебиетінің мәнді сипаты, жазушылардың қаламгерлік парызы туралы айтқан бір сөзінде былай деген екен: «Егер әрбір суреткер ой мен форма саласында жаңалық ашушы болса, және сол жаңалығының назар аударарлықтай мән-маңызы болса, ол қайтсе де өзгелерді өз арнасына бұрып әкетпей қоймайды». Осы айтылғандай жаңа әдебиеттің жаңашыл бастаушылары Өзбекстанда Хамза Хақимзаде Ниязи, Тәжікстанда Садриддин Айни, Арменияда Егише Чаренц, Ресейде Горький мен Маяковский, Қазақстанда Сәкен Сейфуллин болды. Бұл суреткерлер соны үрдісті орнықтырудың сан алуан қиындығына қарамастан, мазмұны мен пішіні жағынан жаңа әдебиет үшін күресушілер. Тыңнан жол табушы сөз зергерлерінің осынау үркердей шоғыры халық мұраттары мен істеріне барша жан-дүниесімен беріліп, қару мен қаламын қатар алып шайқасты да, әрдайым жаңа мәдениет мүдделері үшін айнымас азаматтық, қаламгерлік қайрат-жігерін жұмсады [4].

Ғылыми жетекшісі Абикенов М. Т. ф.ғ.к., аға оқытушы

Әдебиеттер тізімі

1 Кәкішев, ТС. (2010). *Сейфуллин шығармашылық өмірбаяны*. Астана, Фолиант, 214.

2 Қаратаев, М. (1987). *Әдебиет және өнер*. Алматы, Ғылым, 427.

3 Нұрғали, Р. (1995). *Алаш арыстары*. Алматы, Мектеп, 148.

4 Marieiev D., Miniailo, R., Martina, O., Tretyak, N., Moiseienko, N. (2024). Use of onomastic material in the educational space. *Amazonia Investiga*, 13(75), 67-79.